

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ дағы «Машинажасау, машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы» бағыты бойынша диссертациялық кеңестің №7 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Алматы қ.

11 мамыр 2023ж.

ҚАТЫСҚАҢДАР:

Тұрақты құрамы: Елемесов К.К. - диссертациялық кеңестің төрағасы, техн. ғылым.кандид., доцент, қауымдастырылған профессоры, Жәутіков Б.А.- диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары, тех. ғыл. докторы, профессор, Басқанбаева Д.Д. - диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, PhD доктор, Столповских И.Н.- тех. ғыл. докторы, профессор, Абсадықов Б.Н. - тех. ғыл. докторы, профессор, Сладковски А.В.- тех. ғыл. докторы, профессор.

Уақытша құрамы: Мұқанов Руслан Батырбекұлы - PhD доктор, көлік техникасы және логистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Сембаев Нұрболат Сәкенұлы - техн. ғылым.кандид., қауымдастырылған профессоры, көлік техникасы және логистика кафедрасының меңгерушісі, Алшынова Айман Медеубекқызы - PhD докторы, «Өндірістік үдерістердің машиналары және аппараттары» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Алматы Технологиялық университеті, Рахматулина Аяулым Бағдатқызы - PhD докторы, «Автоматтандыру және робототехника» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Алматы Технологиялық университеті, Құрманғалиева Ләззат Аманқызы - техн. ғылым.кандид., «Инжиниринг» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ЕТУ, Жангелді Әділет Жангелдіұлы - PhD докторы, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ Энергетика және машина жасау институты «Стандарттау, сертификаттау және метрология» кафедрасының доценті.

Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы диссертациялық кеңестің төрағасы - техн. ғыл.канд., доцент, қауымдастырылған профессоры - Елемесов К.К.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы доктор PhD - Басқанбаева Д.Д.

КҮН ТӘРТІБІ:

Нурымов Ерлик Кыдыралиевич 6D071200 - «Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы Ph.D дәрежесін алу үшін ұсынылған «Берік тау жыныстарынан құралған блокты тастарды бөлу кезіндегі тесіктік қазбаларды механикаландырылған кесумен өңдейтін машина параметрлерін әзірлеу» тақырыбында диссертациялық жұмысын қорғауы.

Ғылыми кеңесшілер:

- 1 Елемесов Касым Коптлеуевич - техн. ғылым. кандид., доцент, қауымдастырылған профессоры, «Энергетика және машинажасау» институтының директоры;
- 2 Нугман Ерик Зеинелович - PhD докторы, қауымдастырылған профессоры;
- 3 Михайлов Александр Николаевич - техн. ғыл. докторы, профессор (Украина)

Ресми рецензенттер:

- 1 Шингисов Бейбит Түменбайұлы - PhD, докторы «Автокөлік құралдары және өмір-тіршілік қауіпсіздігі» кафедрасының меңгерушісі АЛТ, Алматы қ.
- 2 Бажаев Нурлан Аманкулович - Азаматтық авиация академиясының «Авиациялық, техника және технологиялар» кафедрасының қауымд. профессоры, PhD докторы.

Төраға: Құрметті машинажасау және машиналар мен жабдықтарды цифрлық инженерия дайындау бағыты бойынша диссертациялық кеңестің мүшелері бүгін бізде екі докторанттың қорғауы болады, алайда Сәтбаев атындағы КЕАҚ ҚазҰТЗУ-дың Пункт 029040101, 2021 жылдағы пункт 3, подпункт 3.27 аттестаттау кеңесінің ережесіне сәйкес докторанттың диссертациясы

қаралған кезде егерде төраға, орынбасар және ғылыми хатшы диссертациялық кеңестің отырысында диссертанттың ғылыми кеңесшілер болып табылса, өз міндеттерін орындауға құқылы емес деп айтады. Сол себепті осы пунктке сәйкес Нурымов Ерлик Кыдыралиевичтың қорғау жөніндегі отырысында диссертациялық кеңестің 6D071200 - «Машина жасау» мамандығы бойынша төрағаның орынбасары Жәугіков Бахыт Ахатұлы, техник.ғылым.доктор, профессор жүргізеді. Біреулеріңіздің қарсылықтарыңыз бар ма? Рахмет. Сөз сізге Бахыт Ахатұлы.

Төраға орынбасары. Диссертациялық Кеңестің бекітілген құрамынан 11 адам (оның ішінде 6 уақытша ДК мүшесі) отырысқа оффлайн 9, ал онлайн 2 адам қатысады.

Дәлелді техникалық себеппен жоқ: 1- Сладковски Александр Валентинович

Ресми рецензенттер:

- 1) Шингисов Бейбит Түменбайұлы - **бар**;
- 2) Бажаев Нурлан Аманқұлович - **бар**

Төраға: Диссертациялық кеңестің барлық қатысушы мүшелері келу парағына қол қойды. Жұмысқа керекті кворум бар. Жұмысты бастауға ұсыныс бар. Кім осы ұсынысты қолдайды? Дауыс беріңіздер. Кім қалыс қалды? Қарсы?

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

Келісемін - барлығы,

Қарсы - жоқ

Қалыс қалғандар - жоқ.

Төраға орынбасары: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері! Кворум бар - 6D071200 – «Машина жасау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің 11 мүшесінен, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті алқасының қаулысымен бекітілген отырысқа 9 оффлайн, 2 онлайн қатысады, Сладковски А.В. т.ғ.д., профессор техникалық себептерге байланысты, дәлелді себеппен кеңеске қатыса алмайды, яғни диссертациялық кеңес құрамының 2/3 астамы қатысады, демек, отырыс заңды болып саналады.

Төраға орынбасары: Құрметті әріптестер! Дауыс беруді ескере отырып, диссертациялық кеңестің отырысын ашық деп санауға рұқсат етіңіздер.

Төраға орынбасары: Диссертанттың аттестаттау ісінің материалдарын жария ету үшін сөз диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы Басқанбаева Динара Джумабаевнаға беріледі.

Ғылыми хатшы: Диссертациялық кеңеске Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің 6D071200 - «Машина жасау» мамандығының PhD докторанты Е.К.Нурымовтан «Берік тау жыныстарынан құралған блокты тастарды бөлу кезіндегі тесіктік қазбаларды механикаландырылған кесумен өңдейтін машина параметрлерін әзірлеу» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға, келесідей құжаттар келіп түсті.

1. Докторант Нурымов Ерлик Кыдыралиевичтың «Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы бойынша диссертациялық кеңеске қорғауға шығу туралы етініші.

2. Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ тарапынан ғылыми кеңесшінің пікірі техн. ғылым. кандид., доцент, қауымдастырылған профессоры - **Елемесов Касым Коптлеуевич**;

3. Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ тарапынан ғылыми кеңесшінің пікірі PhD докторы, қауымдастырылған профессоры - **Нугман Ерик Зеинелович**;

4. Шетелдік ғылыми кеңесшінің пікірі **Михайлов Александр Николаевич** - техника ғылымының докторы, профессор (Украина).

5. Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Машина жасау» кафедрасының кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;

6. Қатты мұқабалы және электрондық жеткізгіштегі диссертациялық жұмыс, сондай-ақ орыс, ағылшын және қазақ тілдеріндегі андатпалар;

7. Диссертация тақырыбы бойынша 14 ғылыми жұмыс жарияланды;

- 2 Scopus дерекқорына кіретін журналдардағы ғылыми мақалалар;
- 8 Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ғылыми баяндамалар, оның біреуі алыс шетелде;

- 4 Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдардағы ғылыми мақалалар;

8 Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығының анықтамасы диссертацияда авторға және алынған материалдар көзіне сілтеме жасамай ақ материалды пайдалануын тексергендігін растайды. «ҰҒТАО» АҚ диссертациялар қорымен салыстырмалы талдау нәтижесінде сәйкестіктер табылған жоқ.

9. Жоғары білім туралы дипломның көшірмесі - бакалавриатты бітіргені туралы (нотариалды куәландырылған).

10. Магистр академиялық дәрежесі туралы дипломның көшірмесі (нотариалды куәландырылған).

11. Докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипт көшірмесі.

12. Диссертация тақырыбын бекіту туралы бұйрық.

13. Барлық құжаттар ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Философия докторы(PhD) атағын беру жөніндегі қаулыға сәйкес келеді және қол жетімді.

Төраға орынбасары: Аттестаттау ісінің материалдары бойынша сұрақтар, ғылыми хатшыға немесе диссертантқа сұрақтар бола ма?

Кеңес мүшелері: Жоқ.

Төраға орынбасары: Диссертантқа диссертацияның мәні мен негізгі ережелерін ұсыну үшін сөз беріледі. Регламент бойынша диссертацияға 20 минут беріледі.

Сөз сөйледі: Докторант Нурымов Ерлик Кыдыралиевич өз баяндамасында диссертациялық жұмысының мағынасын және мәнін баяндады. Баяндама презентация түрінде ұсынылды. Баяндама барысында келесі мәселелер қамтылды:

1. Зерттелетін мәселенің өзектілігі
2. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері
3. Ғылыми жаңалық
4. Қорғауға шығарылатын ғылыми ережелер
5. Диссертацияның практикалық маңыздылығы

Төраға орынбасары: Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, диссертацияға қатысты қандай сұрақтарыңыз бар? Жұмысты талқылау үшін сұрақтар қоюларыңызды өтінемін.

Докторантқа келесі сұрақтар қойылды:

Сембаев Нұрболат Сакенович - техн. ғылым.кандид., қауымдастырылған профессоры, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Көлік техникасы және логистика» кафедрасының меңгерушісі:

Сұрақ:

Кескіш машина жұмыс жасалғанда жанғыш қоспа ретінде нені пайдаландыңыздар және ол қалай іске қосылып жұмыс жасайды?

Жауабы:

Сұрағыңызға рахмет. Бұл жерде біз кескіш құрылғыны қарастырған, компрессор арқылы іске қосылды да солярка, бензин және ауаның көмегімен жұмыс атқарды. Өйткені компрессормен керекті ауаны үрлеу арқылы, компрессорды іске қосу үшін солярка қосылды, ал термомескіш жұмыс

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ имени К.И. САТПАЕВА
атқару үшін керекті бензин және ауа керек болды, соның салдарынан бензинмен ауаны бұрку арқылы біз өңдеуді жүргізе аламыз.

Сұрақ:

Температуралық режим қалай болды:

Жауабы:

Температуралық режим біз жалпылама қарастырған кезде Алматы мен Қордай карьерінен гранитті тастармен қамтамасыз еттік, тек гранитті тастың біреуіне ғана сынақ жүргіздік, ол бойынша слайдта көрсетілгендей тастың жылу-физикалық қасиеттерін зерттеп алдық та сол бойынша өңделетін бұйымға керекті параметрлерді бердік.

Алшынова Айман Медеубекқызы - PhD докторы, «Өндірістік үдерістердің машиналары және аппараттары» кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Сұрақ:

Идея работы заключается выборе и обоснование программы машин для щелевых выработок, позволяющий повысить производительность блочных камней, у вас экономический расчет на сколько повысилась?

Жауабы:

Сұрағыңызға рахмет. Иә, бар бұл диссертациялық жұмыста көрсетілген. Бұрынғы көрсеткішке қарағанда, біз қамтамасыз еткен диссертациялық жұмыста 2,5-3% дейін өнімділігі артты. Бұл жерде біз бірнеше сынақтар жүргізіп отырдық, мына сұлбада көрсететін болсақ алып отырған машинаның қозғалу доңғалақтың диаметрін, яғни арбаны бірінші қарастырған кезде доңғалақты үлкен қылып салып қойдық, бұл бізге машинаның тез қозғалуына әкеп соқтырды ол өз кезегінде өңдеуге кері әсерін тигізді. Біз бұл машинаны жасаған кезде алдыға қойған мақсатымыз жұмыстың өнімділігін арттыру және адам өміріне келтіретін қауіпсіздігін деңгейін азайту, біз қарастырған термоқұралдың шығатын шудың деңгейі 110-120 Дц дейін жетті. Ондай жерде жұмыс істеу мүмкін болмағандықтан, біз алыстан қашықтықтан басқару жұмыс атқардық. Бірнеше параметрлерді қарастыра отырып, өзімізге керекті параметрлерді таңдап алдық. Яғни, тесіктерді кесу машинасы арбанының ені, 80см. Ұзындығы, 140 см. Арбаның биіктігі, 10,5 см. Доңғалақтаң диаметрі ішкі, 105мм жақтау сыртқы, 180мм. Тік көтеру платформасының биіктігі, 135 см. ені, 49см. Бағыттаушы втулканың өлшемі, 32см. Шіттерді тік көтеру аймағы, 100 см. деп алдық. Өйткені карьерде жұмыс жасайтын болғандықтан, ол үлкен көлемді болмайды, біз карьерде жұмыс жасағанда қандай да бір маневр жасау үшін, габариті үлкен алатын болсақ оның бұрылуына, қажетті іс-әрекетті атқаруға қолайсыз болады. Сол үшін сынақ жүргізу арқылы осы параметрлерді таңдап алдық.

Сұрақ:

Математикалық модель жасалған ба?

Жауабы:

Иә жасалған, диссертациялық жұмыста көрсетілген. Математикалық модель бойынша Поветкин В.В. және Алтынов Ж.Л. профессорлармен бірге екі мақала шықты.

Рахматулина Аяулым Бағдатқызы - PhD докторы, «Автоматтандыру және робототехника» кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Сұрақ:

Қазба жұмыстарын жүргізетін машинаны басқа аналогтармен салыстырып көрдіңіз ба, ерекшеліктері қандай болды?

Жауабы:

Сұрағыңызға рахмет. Иә салыстырдық, Қазақ политехникалық институтында, Мәскеу тау-кен институтында, Харьков авиациялық институтында әзірленген тау жыныстарын жоюдың отты жару (термиялық) әдісі пайда болғаннан кейін граниттерден берік тау жыныстарын өндіру және өңдеу технологиясында айтарлықтай прогреске қол жеткізілді. Осыларды салыстыра отырып машинаның параметрлерін, артықшылықтарын, кемшіліктерін ескереіп өзімізге қолайлы, жақсы жұмыс атқару үшін ыңғайлы машинаның үлгісін әзірлеп шықтық.

Мүшелер Диссертациялық кеңес докторанттың баяндамасы бойынша өзекті сұрақтар қойды. Нурымов Ерлик Кыдыралиевич барлық сұрақтарға толық жауап беріп, диссертациялық кеңес мүшелері жауаптармен қанағаттандырылды.

Төраға орынбасары: Сөз ғылыми кеңесші техн. ғылым. кандид., доцент, қауымдастырылған профессоры Елемесов Касым Коптлеуевичке беріледі.

Сөз сөйледі: Ғылыми кеңесші техн. ғылым. кандид., доцент, қауымдастырылған профессоры **Елемесов Касым Коптлеуевич.** Сөз сөйлеу барысында ғылыми кеңесші диссертацияның өзектілігін, мақсаты мен міндеттерін, ғылыми жаңалығын, ғылыми ережелерін және қорғауға шығарылатын, сондай-ақ практикалық маңыздылығын қысқаша баяндады.

2014 ж. Нурымов Е.К. 6D070200 - Машина жасау мамандығы бойынша докторантураға түсті. 2017ж. оқуын аяқтады. Осы уақытқа дейін жұмысын жасап осындай нәтижеге келді. Нақты әдістерді және қазіргі заманғы өлшеу құралдарын пайдалана отырып, жұмыс істейтін жабдыққа эксперименталды зерттеулер жүргізілді, соның ішінде:

- берік тау жыныстарынан блокты тасты өндіру кезінде тесік қазбаларды жүргізуге арналған машиналарды құрастыру саласындағы қазіргі заманғы жетістіктерді талдау;
- от ағынды термоқұралдарымен тау жыныстарын қирату механизмін талдау;
- тесік қазбаларды кесуге арналған манипуляциялық құрылғының кинематикалық және конструктивтік параметрлерін әзірлеу;
- тесік қазбаларға арналған машинаның кинематикалық және конструктивтік параметрлерін (манипуляциялық құрылғы) тәжірибелік пысықтау;
- режим параметрлерін пысықтау, бензинді - ауа от ағынды жұмыс органымен кесу жұмыстарын жүргізу.

Теориялық және эксперименттік зерттеулерді орындау негізінде ізденуші жаңа ғылыми негізделген нәтижелер алды. Нәтижелер график бойынша көрсетілген. Осының барлығын ескере отырып.

«Берік тау жыныстарынан құралған блокты тастарды бөлу кезіндегі тесіктік қазбаларды механикаландырылған кесумен өңдейтін машина параметрлерін әзірлеу» диссертациясы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми дәрежелерін беру қағидаларының барлық талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Нурымов Ерлик Кыдыралиевичке 6D071200 – «Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Төраға орынбасары: Сөз екінші ғылыми кеңесші PhD докторы, қауымдастырылған профессоры Нугман Ерик Зеинелевичке беріледі.

Сөз сөйледі: Ғылыми кеңесші PhD докторы, қауымдастырылған профессоры, **Нугман Ерик Зеинелович.** «6D071200-Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Нурымов Ерлик Кыдыралиевичтің «Берік тау жыныстарынан құралған блокты тастарды бөлу кезіндегі тесіктік қазбаларды механикаландырылған кесумен өңдейтін машина параметрлерін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациясына қосымша кеңес берушінің пікірі. Жұмыс бойынша көптеген істер атқарылды, бұл жұмыс бойынша гранттық қаржыландыру аясында да жұмыстар атқарылып, қорытынды жасалды. Сол қорытындылар бойынша эксперимент жасалды, екі кәсіпорында енгізулер жасалып актлермен бекітілді. Ұсынылған диссертациялық жұмысы тау жыныстарын өңдеуге арналған термоқұралдардың параметрлерін таңдау мен негіздеудің қолданбалы ғылыми міндетін шешуді қамтитын, олардың блоктарды өңдеу және машина жасау үшін маңызы бар тесік қазбаларды кесу кезінде бұзылу өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін аяқталған ғылыми жұмысы болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде ұсынылған диссертациялық жұмыс PhD докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді деп санаймын, ал оның авторы Нурымов Ерлик Кыдыралиевичке «6D071200 - Машина жасау» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Төраға орынбасары: Сөз шетелдік ғылыми кеңесшінің пікірі техника ғылымдарының докторы, профессор Михайлов Александр Николаевич беріледі, белгілі себептермен қатыса алмауына байланысты пікірді ғылыми хатшы оқиды.

Ғылыми хатшы: Шетелдік ғылыми кеңесшісі техника ғылымдарының докторы, профессор Михайлов Александр Николаевичтың пікірін баяндады:

Отзыв зарубежного научного консультанта на диссертационную работу Нурымова Ерлика Кыдыралиевича на тему «Разработка параметров машины для механизированной резки щелевых выработок при отбойки блочного камня из крепких горных пород», представленную на соискание степени доктора философии PhD по специальности 6D071200 - «Машиностроение». В диссертационной работе разработаны параметры нового машинного термоагрегата для резки щелевых выработок с применением мощных термоинструментов в котором рассмотрен новый способ интенсификации горения топливной смеси в иницируемых скачках уплотнения, без увеличения конструктивных параметров термоинструментов. Этот способ дает существенный рост эксплуатационных характеристик инструмента и процесса механизированной добычи блочного камня из крепких горных пород. Диссертация имеет обширное введение, дающие понимание об актуальности исследования, общей структуре. Во введении сформулирована цель работы, задачи. Автор изложил основные научные положения, имеющие новизну и практическую ценность. В основном содержании изложены описание и результаты исследований, которые спланированы и организованы с учетом поставленных задач. Отдельные главы диссертации тесно и логично взаимосвязаны между собой. Автор последовательно выполнил анализ состояния современных научных знаний в области предмета исследования, провела теоретические и экспериментальные исследования, изложил пути практической реализации результатов работы. В заключении приведены основные результаты и выводы по работе.

Все поставленные задачи в той или иной мере выполнены, а цель исследования достигнута.

Это позволяет утверждать, что выполненная диссертационная работа является работой, имеющей внутреннее единство.

Работа направлена на решение важной для промышленности, государства в целом научно-технической задачи. В работе рассмотрены и решены задачи теоретического и прикладного плана. Выполненный анализ разработка параметров машины для механизированной резки щелевых выработок при отбойки блочного камня из крепких горных пород.

Важной прикладной задачей является выбор и обоснования параметров термоинструментов для поверхностной обработки щелевых выработок горных пород, позволяющих повысить их производительность.

Диссертантом в работе проведен достаточно полный анализ литературных источников, включая нормативную и справочную информацию, данные производственных структур с использованием их в виде ссылок. Представленная диссертационная работа Нурымова Е.К. является законченной научно-квалификационной работой, которая содержит решение прикладной научной задачи выбора и обоснования параметров термоинструментов для обработки горных пород, позволяющих повысить их производительность разрушения при обработке блоков и резке щелевых выработок, имеющей значение для машиностроения.

На основании вышеизложенного считаю, что представленная диссертационная работа полностью соответствует требованиям, предъявляемым к докторским PhD диссертациям, а его автор Нурымов Ерлик Кыдыралиевич заслуживает присуждения ему степени доктора философии PhD по специальности 6D071200 - «Машиностроение». Зарубежный научный консультант доктор техн. наук, профессор кафедры «Технология машиностроения» Донецкий национальный технический университет, г. Донецк, Михайлов А.Н.

Ресми рецензенттердің сөз сөйлеуі және диссертанттың олардың ескертулеріне жауаптары.

Төраға орынбасары: Сөз ресми рецензент, PhD, докторы «Автокөлік құралдары және өмір-тіршілік қауіпсіздігі» кафедрасының меңгерушісі Шингисов Бейбит Түменбайұлына беріледі.

Сөз сөйледі: ресми рецензент - PhD, докторы, Шингисов Бейбит Түменбайұлы.

«Берік тау жыныстарынан құралған блоқты тастарды бөлу кезіндегі тесіктік қазбаларды механикаландырылған кесумен өңдейтін машина параметрлерін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің пікірі. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ имени К.И. САТПАЕВА және тақырыптың бағыттары 0966ГФЗ 2013-2015 жылдарға арналған «Граниттік блоктарды игеру кезіндегі тесіктік қазба жүргізу үшін қуатты термодинамикалық жұмыс органы бар машинаның жаңа конструкциясын жасау» тақырыбында бюджеттен қаржыландырылған жоба шеңберінде орындалған. Диссертация ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосады.

Диссертацияның мазмұны мен зерттеу нәтижелері жүргізілген зерттеулердің өзектілігі мен маңыздылығын жақсы көрсетеді. Дербестік принципінің нәтижесінде диссертация авторы көп қатысқан жарияланымдардың үлкен көлеміне, диссертация авторының дербестігінің жоғары дәрежесі туралы қорытынды жасауға болады.

Диссертациялық жұмыс берік тау жыныстарын жою процесінің параметрлерін зерттеу мәселелерін шешу және олардың негізінде термоқұралдардың параметрлерін есептеудің инженерлік әдісін әзірлеу, блокты тасты механикаландырылған өндіру және өңдеу технологиясын жетілдіру, сондай-ақ қуатты термоқұралдармен жабдықталған жоғары өнімді машинаны әзірлеу өзекті болып табылады. Диссертацияның мазмұны диссертацияның мәлімделген тақырыбын толығымен көрсетеді.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыстағы барлық бөлімдер мен ғылыми ережелері логикалық түрде өзара байланысты, зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Ұсынылған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда жеткілікті дәлелді және бағаланады. Диссертациялық жұмыстың жаңа ғылыми нәтижелері мен қағидаларына жатқызуға болады:

- тесіктік қазбаларды кесуге арналған машинаның өнеркәсіптік үлгісінің кинематикалық және конструктивтік параметрлерінің теориялық негіздемесі орындалды, нәтижесінде буындардағы бұрыштар мен қозғалыстардың векторлары орнатылып, матрицалық формада манипулятордың қозғалыс теңдеулері жасалды, шығу буынының берілген позициясы бойынша манипулятор механизмінің жалпыланған координаттарын анықтау мәселесін және позициялық басқару кезінде осы манипуляторды бағдарламалау мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Диссертация қорытындылары толығымен жаңа, зерттеу нәтижелерінен туындайды, олар нақты және негізделген.

Техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдер мүлдем жаңа, практикалық маңызы бар және жеткілікті негізделген.

Диссертацияда қорғауға ұсынылған нәтижелер теориялық заңдылықтарға негізделген, тәжірибелік зерттеулер нәтижелерімен анықталып, расталған. Диссертациялық жұмыстың жаңа ғылыми нәтижелері мен қағидаларына жатқызуға болады: Қорғауға ұсынылған 4 қағида толығымен тәжірибелік зерттеу нәтижелерімен дәлелденіп, өндірістік технология ретінде қолданыс тапқан.

Диссертациялық жұмыста тривиалды элементтер жоқ. Жұмыста ұсынылған заңдылықтар, жасалған қорытындылар заманауи теориялық және технологиялық жетістіктерге негізделіп жасалған.

Диссертациялық жұмыста келтірілген қағидалар, жұмыс тақырыбы бойынша алынған нәтижелер жаңа, ғылыми әдебиетте кездеспейді. Қолданыс деңгейі жоғары, диссертациялық жұмыста жасалған берік тау жыныстарынан құралған блокты тастарды бөлу кезіндегі тесіктік қазбаларды механикаландырылған кесумен өңдейтін машина параметрлерін әзірлеу нәтижелері өндіріске «Кристалл» АҚ және «Титушин» ЖК (Қазақстан) тас өндіру және тас өңдеу қарьерлері мен тасты өңдеу зауыттарын енгізу үшін берілді және Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ - да 5В071200 - «Машина жасау» мамандығы бойынша бакалаврларды даярлау кезінде оқу процесінде іс жүзінде қолданыс тауып отыр.

Барлық ережелер мен әдіснамалар диссертация тізімінде келтірілген мақалаларда дәлелденген. Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденген және расталған.

Жұмыс ғылыми стильде жазылған және қойылған талаптарға толығымен сәйкес орындалған. Академиялық жазудың сапасы жоғары, диссертациялық жұмыстың мәтіні түсінікті жазылған. Алайда, жұмыста келесі кемшіліктер кездеседі:

1. Диссертациялық жұмыстың теориялық бөлімінде отандық ғылыми дереккөздерді кеңірек қарастырған жөн деп есептеймін.

2. Диссертация мәтінде стилистикалық сипаттағы кемшіліктер кездеседі. Дегенмен, аталған ескертулер алынған нәтижелердің маңыздылығын төмендетпейді және жұмыстың оң бағасына әсер етпейді.

Нурымов Ерлик Кыдыралиевичтің «Берік тау жыныстарынан құралған блокты тастарды бөлу кезіндегі тесіктік қазбаларды механикаландырылған кесумен өңдейтін машина параметрлерін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық көлемде орындалған, жұмыстың жаңалығы мен өзектілігі бар PhD диссертациялық жұмысқа қойылған барлық талаптарға сәйкес келеді, сондықтан ізденуші Нурымов Ерлик Кыдыралиевичке 6D071200 - «Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Төраға орынбасары: Сөз диссертантқа Шингисов Б.Т. ескертулеріне жауабы.

Диссертант ресми рецензенттің қойған ескертуіне жауап берді:

Бұл ескертулер алдын ала берілді, барлығы жойылды. Қазіргі таңда болашақта ондай қателіктер жібермеуге тырысамыз.

Төраға орынбасары: Сөз ресми рецензент, Азаматтық авиация академиясының «Авиациялық, техника және технологиялар» кафедрасының қауымд.профессоры, PhD докторы Бажаев Нурлан Аманкуловичке беріледі.

Сөз сөйледі: ресми рецензент - PhD докторы, Бажаев Нурлан Аманкулович.

«Машина жасау» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін Нурымов Ерлик Кыдыралиевичтің «Берік тау жыныстарынан құралған блокты тастарды бөлу кезіндегі тесіктік қазбаларды механикаландырылған кесумен өңдейтін машина параметрлерін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірім.

Диссертациялық жұмыс берік тау жыныстарын жою процесінің параметрлерін зерттеу мәселелерін шешу және олардың негізінде термоқұралдардың параметрлерін есептеудің инженерлік әдісін әзірлеу, блокты тасты механикаландырылған өндіру және өңдеу технологиясын жетілдіру, сондай-ақ қуатты термоқұралдармен жабдықталған жоғары өнімді машинаны әзірлеу өзекті болып табылады.

Рецензияланатын диссертацияның мазмұны диссертацияның мәлімделген тақырыбын толықтай айқындайды.

Диссертациялық жұмыста келтірілген жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелерімен негізделген қорытындылар толығымен жаңа болып табылады.

Техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдер мүлдем жаңа, практикалық маңызы бар және жеткілікті негізделген. Жұмыс нәтижелері өндіріске еңгізілуі мүмкін. Маңызды мәліметтерге нақты сілтемелер берілген. Зерттеу жұмысында 115 ғылыми-техникалық әдебиеттер және мақалалар көрсетілген. Олар диссертацияда әдеби шолу жасауға жеткілікті. Қолжетімді, кәсіби техникалық стильде жазылған. Негізгі ережелер мен қорытындылардың тұжырымы анық көрсетілген. Диссертациялық жұмысты талдау оның авторы зерттеу әдістемесін нақты және негізделген түрде таңдағанын, сынақ әдістері қолданғаны көрсетілген. Бірақ, эксперименттік сынақ жүргізу кезінде гранитты блоктан басқа тау жыныстарына сынақ жүргізілгені туралы және нәтижені қалай есептеп алынғаны туралы толық жазылмаған.

Диссертациялық жұмысы толық көлемде орындалған, жұмыстың жаңалығы мен өзектілігі бар PhD диссертациялық жұмысқа қойылған барлық талаптарға сәйкес келеді, сондықтан ізденуші Нурымов Ерлик Кыдыралиевичке 6D071200 - «Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Төраға орынбасары: Сөз диссертантқа беріледі - ресми рецензент Бажаев Нурлан Аманкуловичтың ескертуіне жауап.

Диссертант ресми рецензент қойған ескертуіне жауап берді:

Сіз берген ескертулердің бәрі жойылды. Біз қарастырған тек бір ғана гранит блоктар деп айтып өттіңіз, ол бойынша Алматы мен Қордай кен орнының граниттеріне жүргізілді. Диссертациялық жұмыста тек қана екі кен орнының граниттеріне таңдалып сынақ жүргізілді. Болашақта басқа да мрамор, және тағы басқа тау жыныстарының жылу-физикалық қасиеттерін көре отырып болашақта жасаймыз.

Диссертациялық жұмысты талқылау, кеңес мүшелерінің, қатысқан ғалымдардың және диссертациялық кеңес төрағасы орынбасарының сөз сөйлеуі.

Төраға орынбасары: Диссертациялық жұмысты талқылауға көшейік. Кім шыққысы келеді?

Төраға орынбасары: Тағы да шыққысы келетіндер барма? Жеткілікті ме?

Жасырын дауыс беруді өткізу және диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау.

Төраға орынбасары: Жасырын дауыс беру үшін біз үш адамнан тұратын есеп комиссиясын сайлауымыз керек. Қандай ұсыныстар болады? Есеп комиссиясының мүшелерін сайлау туралы ұсыныс түсті:

1. Столповских Иван Никитович
2. Абсадыков Бахыт Нарикбаевич
3. Басканбаева Динара Джумабаевна

Есеп комиссиясының осы құрамын бекітуге кім келіседі? Кім қарсы? Жоқ. Кім қалыс қалды?

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

Келісемін - барлығы,

Қарсы - жоқ

Қалыс қалғандар - жоқ.

Есеп комиссиясының құрамы бірауыздан бекітілді. Комиссияны жұмысқа кірісуін сұраймын. Өтінемін, өтіңіздер. Жасырын дауыс беру үшін үзіліс жарияланды.

Үзілістен кейін

Төраға орынбасары: Құпия дауыс беру нәтижелерін жариялау үшін есеп комиссиясының төрағасына сөз беріледі. Есеп комиссиясының төрағасы. Өтінемін, Сізге сөз.

Есеп комиссиясының төрағасы тех. ғыл. докторы, профессор Столповских Иван Никитович

Дауыс беруге барлығы 10 адам қатысты, екеуі онлайн барлығы оң дауыс берді. Қалыс қалғандар жоқ.

Төраға орынбасары: Есеп комиссиясының хаттамасы диссертациялық кеңестің бекітуіне шығарылады. Есеп комиссиясының хаттамасын бекіткенге кім келіседі? Кім қарсы? Кім қалыс қалды? Есеп комиссиясының хаттамасы бірауыздан бекітіледі.

ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

Дауыс беру нәтижелері:

Келісемін - барлығы,

Қарсы - жоқ

Қалыс қалғандар - жоқ.

Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері өткізілген қорғау және жасырын дауыс беру нәтижелері негізінде «6D071200 - Машина жасау» мамандығы бойынша Нурымов Ерлик Кыдыралиевичке философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Қорытындылай келе, диссертация қазіргі ғылыми деңгейде, өзектілігі, ғылыми және техникалық жаңалығы, практикалық құндылығы бойынша 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрыққа сәйкес диссертациялық Кеңес туралы Үлгі ережеге, сондай-ақ 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрыққа сәйкес ғылыми дәрежелер беру ережелеріне сәйкес орындалғанын атап өту қажет. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен, оның авторы Нурымов Ерлик Кыдыралиевич «6D071200 - Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуына лайық.

Төраға орынбасары: Диссертантқа қорытынды сөз беруге құқығымыз бар. Өтінемін.
(Диссертанттың қорытынды сөзі).

Алтын уақыттарыңызды бөліп, сенім білдіргендеріңізге рақмет. Алдағы уақытта үміттеріңізді ақтап, ғылымға өз үлесімді қосамын деген ойдамын.

Төраға орынбасары: Бұл ретте диссертациялық Кеңестің отырысы аяқталды деп есептеледі.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Нурымов Ерлік Кыдыралиевичке қорғау және дауыс беру нәтижелері бойынша диссертациялық кеңес «6D071200 - Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін беру туралы шешім қабылданды.

«Машина жасау, сандық машиналар мен жабдықтардың инженериясы» бағыты бойынша ДК төрағасы, техн. ғылым. кандид., доцент, қауымдастырылған профессоры

К.К. Елемесов

«Машина жасау, сандық машиналар мен жабдықтардың инженериясы» бағыты бойынша ДК ғылыми хатшысы, PhD доктор



Д.Ж. Басқабаева